

Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының
білім бөлімінің «Жансәби» бөбекжай балабақшасы жекеменшік
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Әдістемелік кеңес



2024-2025 оқу жылы

Бекітемін: 
«Жансәби» бөбекжай балабақша
меңгерушісі: Темірхан С.Б.



2024-2025 оқу жылының әдістемелік кеңес жоспары

Әдістемелік кеңес

№	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Ескерту
1	Күн тәртібінде: 1. - Перспективалық жоспарын талқылау; -Циклограмманы талқылау 2. Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрлерінің тақырыптық жоспарын талдау Ағымдағы мәселелер.	Қыркүйек 2024ж	Әдіскер	
2	Күн тәртібінде: 1. тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру, балаларды дамыту әдістемелері, дидактикалық материалдарды қолдану бойынша жеке консультациялар беру(Әдіскер) 2. Ашық есік күндерін ұйымдастыру мен өткізу бойынша ұсынымдар беру Ағымдағы мәселелер.	қазан 2024ж	Тәрбиешілер Әдіскер	
3	Күн тәртібінде: 1. Балабақшада мерекелерді ұйымдастыру бойынша ұсынымдар беру 2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу бойынша ұсынымдар 3.. Ағымдағы мәселелер	қаңтар 2025ж	Әдіскер	
4	Күн тәртібінде 1. Мектепке дейінгі ерте жастан дамытудың негіздері баяндама тәрбиеші: Мажит А 2. Мониторинг нәтижелерін алу әдістері 3. «Баланың дамуының жеке картасы»; толтыру бойынша есеп	Наурыз	Тәрбиеші Әдіскер	
5	Күн тәртібінде 1. 2024-2025 оқу жылын қорытындылау 2. Қорытында мониторинг нәтижелерін бақылау 3. Жзгы сауықтыру іс-шараларына әдістемелік түсіндірме жұмыстарын жүргізу	Мамыр	Әдіскер Тәрбиешілер	

Хаттама №1

03.09.2024 жыл

Күн тәртібінде:

- 1.- Перспективалық жоспарын талқылау;
-Циклограмманы талқылау
2. Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрлерінің тақырыптық жоспарын талдау

Әдістемелік кеңес төрайымы: Темірхан С.Б.

Хатшы: Касынбекова К.А.

Қатысқаны: 7

Қатыспағаны: 0

Сөйледі:

Әдіскер Темірхан С.Б. оқу жылында әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мақсатында әдістемелік тақырып таңдау керектігі туралы айтты. Педагогикалық тақырыптың өзекті мәселеге байланысты болуы, өзекті мәселенің оқуға қойылатын мақсат-міндеттеріне байланысты және әр педагогтың дағдыларына қатысты болуы керектігін айтты. Қазіргі кезеңде мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту педагогтар тарапынан жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан педагогтардың әрбір іс-әрекетті түрде дәстүрлі, дәстүрлі емес түрлерін өту дағдыларын жетілдіруді талап етеді. Қазіргі заман талабына сай тәрбиеленушілерге жаңа технологияларды пайдалана отырып, білім мен тәрбие беруді ойластыру қажет. Педагогтардың ізденіп жаңаша жұмыс жасауларын қадағалап, бақылау және оны әдістемелік жұмысының жоспарына енгізу қажет екенін айтты.

Балабақшада біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша ұлттық құндылықтарды дамыту — болашақ ұрпақтың санасына ұлттық мәдениетіміздің құндылықтарын сіңіру үшін маңызды қадам. Осы арқылы балалардың ұлттық рухы мен ұлттық сана-сезімі қалыптасып, өз халқының тарихы мен дәстүрлерін құрметтейтін азаматтар өсіп жетіледі. Бұл процессте тәрбиешілер мен ұстаздардың рөлі зор, өйткені олар балаларға ұлттық құндылықтарды тек білім беру арқылы емес, жүректеріне жеткізу арқылы танытады.

Сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдары негізгі міндеттерді атқарады.

1. Балалардың өмірін және денсаулығын қорғау;
2. Балаларға жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жұмыс жасау ;
3. Баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен жұмыс жасау.
4. Азаматтылықты патриотизмді және қоршаған ортаға, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Темірхан С.Б. перспективалық жоспарда балалардың жасына сәйкес бағдарламада берілген міндеттер әрбір айға бөлініп алынады деді. Балалардың игеруіне сәйкес бірнеше рет қайталап алуға, өзгертіп түрлендіруге болатынын айтты. Педагогтар белсенді зерттеуші және жұмыс істеудің жаңа нысандарын, жаңашыл және жауапты атқарушы.

Педагог келесі функцияларды атқаратынын айтты:

- перспективалық жоспарды және циклограмманы құрастырады, баланың даму картасын толтырады.

- ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізуді;

- таңертең қабылдап, таңертеңгі жаттығу (ойын, шығармашылық, серуен, жеке жұмыс) ұйымдастырады;

- балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізеді;

- ертеңгіліктерді, мерекелер мен ойын-сауықтарды, спорттық іс-шараларды т.б. ұйымдастырады және өткізеді.

- білім беру ұйымдарында өткізілетін іс-шараға қатысады.

Перспективалық жоспар әрбір айға жеке-жеке білім ұйымының кестесі Үлгілік оқу жоспарында айқындалған ұйымдастырылған іс-әрекеттерден құралады, ал циклограмма әр аптаға құрылады, балаларды қабылдап бастап, түрі балалар әрекеттерін, серуені өткізу, күндізгі ұйқыны балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қажет ететінін айтты. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құралатынын айтты.

Балабақшаға жаңа келген балаларда алғашқы уақытында бейімделуі жақсы және жайлы болу қажет. Бейімделу кезеңінде әрине педагог жұмысын жүргізіп отыру керектігін айтты.

Балаларға қауіпсіздік шараларын үйрету мен түсіндіруді тәрбиешілерге міндеттелді. Осы орайда балаларға ұйымдастырылған іс-әрекеттер, ойын түрлері мен түсіндірме жұмыстары ретінде үлгілік оқу жоспарын кіріктірудің маңызды екенін атап өтті.

Әдіскер:

Шешім:

1. Перспектива мен циклограмманың балалардың жас ерекшелігіне сай болуын ескеру.
2. Қауіпсіздік іс-шаралар өткізу.
3. Ағымдағы жылдың оқу жоспарына сай жоспар құру және әрекет ету.
4. «Біртұтас тәрбие» аясында жұмыс атқару.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



Темірхан С.Б.
Касымбекова К.А.

Хаттама №2

04.10.2024 жыл

Күн тәртібінде:

1. Тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру, балаларды дамыту әдістемелері, дидактикалық материалдарды қолдану бойынша жеке консультациялар беру (Әдіскер)
2. Ашық есік күндерін ұйымдастыру мен өткізу бойынша ұсынымдар беру Ағымдағы мәселелер.

Әдістемелік кеңес төрайымы: Темірхан С.Б.

Хатшы: Касынбекова К.А.

Қатысқаны: 8

Қатыспағаны: 0

Сөйледі:

Әдіскер: Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дамыту әдістерін қолдану, дидактикалық материалдарды дұрыс пайдалану туралы кеңес берді. Тәрбиешілерге оқу қызметтерін қызықты ұйымдастыру, ойын технологияларын қолдану және балалардың танымдық белсенділігін арттыру жолдары түсіндірілді.

Баалаларды дамыту әдістері:

-Ойын арқылы

-дамыта оқыту технологиясы

-сенсорлық дамыту әдістемесі

-құрастыру және модельдеу әдістері

-саусақ ойындары және ұсақ моториканы дамыту әдістері

-ар-терапия элементтері (сурет салу, музыка, ертегі терапиясы)

-коммуникативтік ойындар арқылы

-кимылды ойындар арқылы физикалық дамыту

-театрланған ойындар арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту арқылы балаларды дамыту әдістерін күнделікті балаларға оқу іс-әрекеттеріне пайдалана білу керектігі туралы тәрбиешілерге толық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Дидактикалық ойындар балалар үшін өзіне тән жүру барысы, мақсаты, маңызы бар әрекет. Дидактикалық ойындарды тиімді пайдалану оқу іс – әрекеттің әсерлілігін, тартымдылығын, белсенділігін арттырып, баланың ынтасын күшейтеді. Ойын ережесі балалардың түсінуіне оңай, қарапайым, әрі қысқа болуы керек. Және ойынның мазмұны, ережесі балаларға дұрыс түсіндіріліп, балалардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдай білуге баулу керек. Оның үстіне дидактикалық материалдармен көрнекіліктерге жеке көңіл бөліну керек. Балалардың таным қабілетін, логикалық ой-өрісін кеңейтіп, оқу іс – әрекетке деген ынтасын арттыруда дидактикалық ойындарды пайдалану оң нәтижесін береді.

Дидактикалық ойындардың түрлері:

1. Заттық дидактикалық ойындар

2. Үстел-үстінде ойналатын дидактикалық ойындар

3. Сөздік дидактикалық ойындар.

1. Заттық дидактикалық ойынның түрлері төмендегідей заттармен ойнатылады.

Ойыншыктармен ойнатылатын дидактикалық ойындар кіші топтардан бастап ойнатылады. Мұнда балалар ойыншықтарды қолымен ұстап, көзімен көріп, сипап сезу арқылы ойнайды. Немесе ойыншық заттарды снапттауға болады. Мысалы: Доп домалақ. Ол күнге ұқсайды. Доппен біз қызықты ойындар ойнаймыз. т.б.

Киім түрлерімен ойнатылатын дидактикалық ойындар: Киімдерді балалармен таныстырумен қатар киіну дағдыларын қалыптастыруға үйретеміз. Мысалы: «Қуыршақты серуенге шығарайық» д/о ойната отырып киімдерді ретімен киіну және жыл мезгіліне сай киінуге үйретеміз.

Заттық ыдыстарды қолдану арқылы жүргізіледі: Ыдыстарды қолдана отырып жеке-және жалпы атауын айта білуге балаларды үйретеміз. Сонымен қатар «Қуыршаққа тамақ дайындаймыз» ойынын ойната отырып ыдыстарды қолданудың әдістерін үйретеміз. Мысалы: қасықты оң қолға ұстаймыз, тарелкені екі қолмен ұстаймыз. т.б.

Заттық жеміс-жидектерді қолдану: Заттық жеміс –жидектерді қолдана отырып балармен бірнеше ойындар өткізуге болады. Мысалы: «Ғажайып дорба» ойынын алатын болсақ, онда жемістер мен көкөністерді сипап сезу арқылы оның пішінін анықтау, түсін анықтау және атын атауға үйретуге болады.

Заттық үй жануарлаын қолдану арқылы: Заттық үй жануарларды қолдана отырап балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін дамытамыз.

Мысалы: «Үй және жабай аңдарды ажырат» д/о ойыны арқылы заттық үй жануарларын қолдануға болады. Мұнда балалар жануарларды ажыратып, өз орындарына қолымен ұстап орналастырады.

2.Үстел-үсті дидактикалық ойындар арқылы: Үстел –үсті дидактикалық ойындары таңертеңгілік балаларды қабылдау кезіне ойнатылады. Балалардың есте сақтау қабілетін таңертеңгілік уақытта жақсы қабылдайды. Сондықтан заттардың атын жаттау, немесе жалғасын табу, құрастыру, орнын табуға байланысты ойын түрлері ойнатылады. Мысалы: «Қуыршақ Шолпанға киінуге көмектес», Жартыларды құрастыр», «Тышқанның үйін тап» т.б.

3.Сөздік ойындар:

Суреттер арқылы: суреттермен ойналатын дидактикалық ойындар барлық білім беру саласы бойынша ойнатылады. Суреттер арқылы балалар сөйлем құрастыруға үйренеді. Белегілері бойынша ажыратады. Жалпы атауын айтып үйренеді. Мыалы: д/о «Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген» суреттерін алатын болсақ балалар оған қарай отырып өз ойларын білдіреді.

Ашық есік күнін ұйымдастырудың басты мақсаты — балабақшадағы күн тәртібі бойынша қызметкерлердің жұмысын көрсету, балалармен ұйымдастырылатын іс-әрекеттердің өткізілу барысымен таныстыру.

Ашық есік күні барысында ата— аналар күн тәртібінің әр түрлі кезеңдері бойынша топ тәрбиешілерінің ұйымдастырылған іс - әрекеттерімен танысты. Оның ішінде дене шынықтыру нұсқаушысының, музыка, логопед мамандары өз жұмыстарын көрсетті.Ата — аналар күн тәртібінің кезеңдеріне қарай тамақтану, түскі ұйқы, серуен кезінде балалардың көңіл күйлеріне бақылау жүргізілді. Ашық есік күнін ұйымдастыру арқылы ата-аналармен тығыз қарым-қатынас жасау.

Шешім:

1. Дидактикалық материалдарды толық пайдалану күнделікті іс-әрекет жоспарына кіріктіру тәрбиешілерге жүктелсін.
2. Ашық есік күнін ұйымдастыру балабақша ұжымына міндеттелсін.
3. Ағымдағы мәселелер бойынша жұмыс жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



Темірхан С.Б.
Касынбекова К.А.

Хаттама №3

07.01.2025 жыл

Күн тәртібінде:

1. Балабақшада мерекелерді ұйымдастыру бойынша ұсынымдар беру
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу бойынша ұсынымдар

Ағымдағы мәселелер

Әдістемелік кеңес төрайымы: Темірхан С.Б.

Хатшы: Касынбекова К.А.

Қатысқаны: 7

Қатыспағаны: 0

Сөйледі:

Әдіскер: Балабақшадағы мерекелік ертеңгіліктер балабақшада өткізілетін тәрбие—тәрбие процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Олар мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының қалыптасуына белсенді әсер етеді, оған өз дағдыларын, іскерліктерін, шығармашылық бастамаларын көрсетуге мүмкіндік береді, педагогикалық жұмыстың белгілі бір қорытындысын шығарады. Сондықтан мерекеге дайындықты, оны өткізуді және балалардың алған әсерлерін бекітуді біртұтас педагогикалық процестің буындары ретінде қарастыруға болады. Жаксы ұйымдастырылған мерекелер психикалық процестердің дамуына жақсы әсер етеді: есте сақтау, зейін, баланың сөйлеу тілін дамытуға, әртүрлі іс-әрекеттерде алған білімдерін бекітуге тамаша жағдай жасайды, адамгершілік тәрбиесіне ықпал етеді.

Мерекені ұйымдастырудың мақсаттары.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі мерекенің басты мақсаты - тұлғаны дамытудың маңызды шарты болып табылатын эмоциялар мен сезімдерді қалыптастыру. Мереке әр түрлі өнер түрлерін біріктіреді: музыка, көркем сөз, драматизация, бейнелеу өнері. Біз өнердің бір түрін екіншісіне түсіндіреміз; бір өнер бір ансамбльде өнер көрсете отырып, екіншісімен әрекеттеседі; бір-бірін әр түрлі көркемдік ерекшеліктермен толықтырады. Сондықтан мереке, ең алдымен, балалардың эстетикалық сезімдерін, қоршаған болмысқа эстетикалық қатынасын дамытады; әрбір баланың бойында жаңа қабілеттер мен таланттарды ашуға, қалыптасқан дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді; белсенділік, өзіне деген сенімділік, ұжымда жұмыс істей білу сияқты психикалық процестерді дамытады, адамгершілік, патриоттық қасиеттерді тәрбиелейді.

Тәрбиешілердің жалпы топ ішінде балаларға мониторинг жасау үлкен ізденіс пен біліктілікті және баланы дамытуға әрекет жасауға ізденіс тудырады. Әр баланы жеке-кейі сарпатай келе бастапқы келген сәттен бастап тәрбиеші баланы бақылай отырып оның күнделікті іс-әрекетін бақылау арқылы баланың даму ерекшелігін бағалайды. Балалардың жеке дамуын бақылау мониторингі әр тәрбиеленушінің көлемді және нақты сипаттамасын жасауға, барлық жетістіктерді ескеруге және проблемалық салаларға назар аударуға мүмкіндік береді. Әр балаға жеке даму картасы жасалынады және мектепке дейінгі болған уақыт аралығында даму динамикасы көрсетіледі.

Мониторинг нәтижелерін алу әдістері:

-ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ойындар кезінде балаларды бақылау.

-әңгімелесу

-балалардың салған суреттерін және шығармашылықтарын талдау

-балалардың физикалық қасиеттерінің даму ерекшеліктеріне бақылау жүргізу.

Мониторинг жылына 3 рет жүргізіледі:

- ✓ Бастапқы-оқу жылының қыркүйек айы
- ✓ Ортаңғы-оқу жылының аралық кезеңі қаңтар айында
- ✓ Қорытында-оқу жылының соңғы кезеңі мамыр айында

Балаларға мониторинг жасау тәрбиешілер үшін жауапты іс. Даму көрсеткішін көрсететін қорытынды кезең болып табылды. Мониторинг жасау үлгісі әр топтың жас ерекшелігіне қарай бөлінеді.

Ағымдағы мәселе бойынша ата-аналарға балалардың мерекелік іс-шараға дайындықпен келуін және «Аналар мектебі» бойынша жұмыс атқару кезеңдеріне аналарымызды барынша белсенді болуға шақыру мәселесі айтылды.

Шешім:

1. Балабақшадағы мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру балаларғы тәрбиешілерге жүктелсін.
2. Мониторинг жүргізу барысында балалардың жас ерекшелігі мен даму ерекшеліктеріне ерекше көңіл бөлу.
3. Ағымдағы мәселелер бойынша ата-аналармен жұмыс жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



Темірхан С.Б.
Касынбекова К.А.

Хаттама №4

03.03.2025 жыл

Күн тәртібінде

1. Мектепке дейінгі ерте жастан дамытудың негіздері баяндама (тәрбиеші: Мажит А)
 2. Мониторинг нәтижелерін алу әдістері
«Баланың дамуының жеке картасы»; толтыру бойынша есеп
- Ағымдағы мәселелер.

Әдістемелік кеңес төрайымы: Темірхан С.Б.

Хатшы: Касынбекова К.А.

Қатысканы: 8

Қатыспағаны: 0

Сөйледі:

Тәрбиеші Мәжіт А. Балаларды ерте жастан дамытудың негіздері мен тәсілдері туралы баяндама оқыды. Тәрбиешілерге өзіндік бағыт-бағдар мен іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Әдіскер: Оқу жылының соңында жүргізілетін мониторинг-білім беру процесінің тиімділігін бағалаудың маңызды құралы. Бүгінгі әдістемелік кеңесте педагогтардың оқу жылы барысында тәрбиеленушілердің даму деңгейін анықтау, мониторинг нәтижелерін талдау және келесі оқу жылына міндеттер белгілеу бойынша кәсіби құзіреттіліктерін жетілдіру. Мониторинг нәтижелері әр баланың жеке даму картасын динамикасын анықтауға, білім беру салалары бойынша меңгеру деңгейін бағалауға және педагогтердің кәсіби қызметінің нәтижелілігін көруге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес балалардың жетістіктерін бағалау бақылау, талдау және диагностикалау арқылы жүзеге асырылады.

Мониторинг нәтижелерін алу әдістері:

1. Бақылау әдісі

Балалардың күнделікті іс-әрекеттерін бақылау арқылы олардың білімдері, дағдылары және тұлғалық қасиеттері бағаланады.

- Ойын әрекеті
- Ұйымдастырылған іс-әрекетке қатысуы
- Құрдастарымен қарым-қатынас
- Дербестік деңгейі

2. Әңгімелесу әдісі:

Бала мен жеке және топтық әңгімелер жүргізу арқылы

- Сөздік қоры
- Байланыстырып сөйлеуі
- Қоршаған орта туралы түсініктері
- Өз ойын жеткізу қабілеттері анықталады.

3. Практикалық тапсырмалар әдісі:

Балалардың алған білімдерін қолдану деңгейін анықтау мақсатында түрлі тапсырмалар беріледі.

- Логикалық тапсырмалар
- Математикалық ойындар
- Шығармашылық жұмыстар
- Зерттеу әрекеттері

4. Балалар жұмыстарының портфолиясын талдау:

- Сурет салу

- Жапсыру
- Мүсіндеу
- Құрастыру
- Жазуға дайындық жұмыстары

5. Диагностикалық карталармен жұмыс:

Әр баланы жеке даму картасы толтырылады. Мониторинг нәтижелері төмендегі деңгейлер бойынша анықталады:

- Жоғары деңгей
- Орта деңгей
- Төмен деңгей

Мониторинг нәтижелерін талдау

Жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша педагогтер:

- Білім беру салаларының меңгерілу деңгейін анықтайды
- Қиындық туғызатын бағыттарды белгілейді
- Түзету жұмыстарын жоспарлайды
- Ата-аналарға ұсыныстар береді

Талдау барысында ерекше назар келесі бағыттарға аударылады:

- Физикалық даму
- Коммуникативтік дағдылар
- Танымдық және зияткерлік даму
- Шығармашылық қабілеттер
- Әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар

Әр педагог топтағы әр баланың жеке даму картасын жасауға міндеттеледі. Жеке даму картасы балалардың даму деңгейін анықтауға көмектеседі. Жеке даму картасы бойынша тәрбиеленушілердің өсу деңгейін анықтау мен бақылау тәрбиешілердің маңызды жұмыстарының бірі.

Шешім:

1. Оқу жылы бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Мониторинг пен жеке даму картасының жылдық есебін тапсыру.
3. Жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың даму көрсеткіштерін жетілдіруге бағытталған жұмыстар жалғастырылсын.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



Темірхан С.Б.
Касымбекова К.А.

Хаттама №5

15.05.2025 жыл

Күн тәртібінде

1. 2024-2025 оқу жылын қорытындылау
2. Қорытынды мониторинг нәтижелерін бақылау
3. Жазғы сауықтыру іс-шараларына әдістемелік түсіндірме жұмыстарын жүргізу

Әдістемелік кеңес төрайымы: Темірхан С.Б.

Хатшы: Касынбекова К.А.

Қатысқаны: 8

Қатыспағаны: 0

Сөйледі:

Әдіскер Темірхан С.Б. 2024-2025 оқу жылының қорытындылау бойынша сөз сөйледі. Өтілген іс-шаралар мен оқу жылы барысында өтілген іс-ірекеттер мен жұмыс барысы қанағаттанарлық деп танылсын. Балалардың қорытынды мониторинг бойынша бақылауын жүргізу және даму ерекшеліктеріне аса мән беру қолға алынсын. Мониторинг бойынша жалпылама жұмыс барысы бойынша балалардың негізгі қызығушылығы мен шығармашылығын негізге ала отырып, жазғы сауықтыру барысында іс-шаралардың мазмұны қарастырылсын деді. Жазғы сауықтыру кезінде балалардың денсаулығы басты назарда екенін есте сақтау қажет. Сонымен қатар қауіпсіздік шараларын барынша қадағалауымыз тиіс.

Сауықтыру іс-шаралары:

Таң ертең балаларды далада қабылдау;

Ертеңгілік жаттығу;

Демалу жаттығулары;

Серуен кезінде жалаң аяқ құмды жолмен журу;

Аяқты жылы сумен шаю;

Күннің көзінде журу, таза ауада журу;

Түскі ұйқыдан кейін тұзды жолмен жүру және кедір-бұдыр жолға ауысу;

Тыныс алу жаттығулары, нүктелі массаж;

Шешім:

1. Оқу жылы бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Мониторинг пен жеке даму картасының жылдық есебін тапсыру.
3. Жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың даму көрсеткіштерін жетілдіруге бағытталған жұмыстар жалғастырылсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Темірхан С.Б.

Касынбекова К.А.